ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2026 жылғы 20 қантар №7119-25-00-2/15354 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Д. Смаилов
сот отырысының хатшысы З.М. Теипованың
қатысуымен ашық сот отырысында талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. қарыз сомасын өндіріп алу туралы
3. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі МБКБ арқылы А.Б. Аскаров
прокурор МБКБ арқылы Р.Т. Байзульдинова
аудармашы МБКБ арқылы Г.Н.Нурланова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 11 қыркүйек талап қоюшы (бұдан әрі – тапсырыс беруші) мен жауапкер (бұдан әрі – өнім беруші) арасында №ГЗ 01-08-779 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған.

Шарттың қолданыс мерзімі - 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Шарттың және оған жасалған қосымша келісім талаптары бойынша өнім беруші тапсырыс берушіге жалпы сомасы 22 282 344 теңге болатын 50 дана тауарды - «компьютер жиынтықта» - 2025 жылғы 24 қарашаға дейін жеткізуге міндеттенген.

Талап қоюшы сотқа осы талап қоюмен жүгінді, онда талаптардың ұлғаюын ескере отырып, жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағанын көрсете отырып, өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды, одан 11 141 172 теңге сомасындағы алдын-ала төлемді және 779 870 теңге сомасындағы тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұраған.

Жауапкер өз пікірінде тауардың жинақтаушы бөлшектерін мемлекеттік шекарадан өткізу кезінде кідірістер орын алғанын және олардың жауапкерге байланысты болмағанын, бұл туралы тапсырыс беруші уақтылы хабардар етілгенін көрсетті. Мерзімдердің бұзылуы жауапкердің жосықсыздығымен байланысты емес, себебі ол талап қоюшыны тауардың жеткізілу мән-жайларымен хабардар етіп отырған және алынған аванстық тек тауарды сатып алуға пайдаланған.

Талап қоюшының өкілі А.Б. Аскаров талапты қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады. Шарттың бұзылғанын және оның мерзімі аяқталғанын түсіндірді. Ақшалай қаражаттың игерілмеуіне байланысты ол бюджетке қайтарылуға жатады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер өкілдері сот отырысына онлайн режимде қатысу туралы өтініш бермеген. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабына сәйкес, сот істі олардың қатысуынсыз қарады.

Прокурор Р.Т. Байзульдинова талап қою қанағаттандырылуы тиіс деген қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 және №2 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 277 - бабы 1-тармағының 272, 273-баптарының талаптарына байланысты міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

АК-нің 359-бабының 1-тармағында, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап

Документ подписан: Смаилов А. Д., 26.01.2026

береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: 3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген.

Сот жауапкердің ашық конкурсқа қатысқан кезде сатып алуды ұйымдастырушыға интерактивті панельдерді, компьютерлерді, ноутбуктерді, моноблоктарды мен жүйелік блоктарды қоса алғанда, отандық өндірістің есептеу техникасын жеткізуге құқығын растайын 2025 жылғы 21 тамыздағы №А120 кепілдік хат бергенін анықтады. Ұсынылған тауар жаңа, 2025 жылғы шығарылған. Кепілдік мерзімі – 36 ай. Жеткізілген жабдықтың барлық сипаттамалары СТ РК 1996–2010

техникалық ерекшеліктерінде және стандарттарында көрсетілген минималды техникалық талаптарға сәйкес келеді.

Шарттың 2.2-тармағына сәйкес, шарт күшіне енгеннен кейін тапсырыс беруші шартқа 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді. Қалған соманы тапсырыс беруші бұрын төленген аванспы барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген қызмет актісіне тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді. Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, тапсырыс беруші шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 (елу) пайыз мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді. Жеткізілген тауар үшін төлемді тапсырыс беруші тауарларды қабылдап алу-беру актісіне тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді. Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, тауарларды жеткізу үшін толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2025 жылғы 19 қыркүйектегі №3176 төлем тапсырмасымен талап қоюшы жауапкерге тауарды жеткізуге 11 141 172 теңге (50%) мөлшерінде аванстық төлем аударған.

Сот жауапкердің шартта белгіленген мерзімге, сондай-ақ істі қарау уақытына міндеттемелерді орындамағанын, АПК-нің 72, 73-баптарына сәйкес керісінше дәлелдемелерді тараптар сотқа бермегенін, тиісті қабылдау-тапсыру актісі жасалмағанын анықтады. Сонымен қатар, шарт 2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап біржақты тәртіппен бұзылды, бұл мемлекеттік сатып алу порталынан алынған скриншотпен расталады. Бұл ретте, АК-нің 386-бабының 3-тармағына сәйкес шарттың қолданылу мерзімі аяқталған және ол бойынша міндеттемелер тоқтатылған.

Нормативтік қаулыда көрсетілген сөздер мен сөз тіркестерінің сөзбе-сөз мазмұнына сүйене отырып, бұл жағдайда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде, сондай-ақ шартта белгіленген мерзімде тауарды алмауында көрсетілген тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды ескереді.

Мұндай жағдайларда сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 11 141 172 теңге мөлшерінде аванс сомасын өндіріп алу туралы талаптары заңды және негізді болып табылады, қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

№3 талап бойынша

Документ подписан: Смаилов А. Д., 26.01.2026

АК-тің 293 және 298-баптарына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Жауапкердің шарттың 7.3-тармағында көзделген міндеттемелерді тиісінше орындамауы салдарынан талап қоюшы 2025 жылғы 25 қарашадан 29 желтоқсанда дейінгі кезеңде шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға мәлімдеген, бұл 779 870 теңгені құрайды, есебі: 22 282 344 теңге х 0,1% х 35 күн.

Ұсынылған есеп сотпен тексерілді, сот есепті дұрыс деп тапты.

Сот жауапкерді тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша жауаптылықтан босату үшін негіздерді қарастырмайды, өйткені оның тарапынан қабылданған міндеттемелерді бұзу орын алған.

Осыған орай, талап қоюшының талабы толық қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келді.

Жауапкердің талаппен келіспейтіні туралы дәлелдері жинақы емес. Мемлекеттік сатып алуға қатыса отырып, жауапкер жасалатын шарттың талаптары туралы білді және оны шарттың талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде орындауға міндетті болды.

АПК-нің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 357 631 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеуге байланысты сот шығындары өндіріп алынуға тиіс.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 2 163 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріп алынуға тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 баптарын ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 11 141 172 (он бір миллион бір жүз қырық бір мың бір жүз жетпіс екі) теңге аванс сомасы, 779 870 (жеті жүз жетпіс тоғыз мың сегіз жүз жетпіс) теңге тұрақсыздық айыбы және 357 631 (үш жүз елу жеті мың алты жүз отыз бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

А. Смаилов

Судья

Көшірме дұрыс:

Р.Жанадилова

Судья

Анықтама: сот шешеімі 2026 жылы сәуірдің 2 заңды күшіне енді.

Р.Жанадилова

Судья

Документ подписан: Смаилов А. Д., 26.01.2026

7119-25-3-1/15702

Прошнуровано и пронумеровано
На _____ листах

Судья _____ Жанадилова Р.Б..